«Келісілді»
қамқоршылық кеңестің
төрайымы Ж.Калимбетова
31.08.2022ж

«Бекітілді»
МКҚК «Ер Төстік» балабақшасының
меңгерушісі Н.Е. Балкибекова
31.08.2022ж

**МКҚК «Ер Төстік» балабақшасы**
**Қамқоршылық кеңесі қызметінің**
**2022-2023 оқу жылына арналған**
**Жоспары**

| № | Жұмыстың мазмұны | Мерзімдері | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | 1.МКҚК «Ер Төстік» балабақшасы 2022-2023 оқу жылына қамқоршылық кеңес құру.<br>2. Қамқоршы кеңестің құрамын бекіту.<br>3. 2022-2023 оқу жылына қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын талқылау. | 2022 ж Қыркүйек | Меңгеруші Қамқоршылық кеңестің төрайымы |
| 2 | 1.МКҚК «Ер Төстік» балабақшасының топтарын жаңа жылдық мерекелерге дайындауға көмек беруді ұйымдастыру (топтар мен аумақтарды безендіру).<br>2. 2022-2023 оқу жылына қыс мезгілдерінде жұмысқа дайындық туралы | 2022 ж Желтоқсан | Меңгеруші Қамқоршылық кеңестің төрайымы |
| 3 | 1.Отбасылы тұрмысы нашар толық емес және көп балалы отбасылармен алдын ала жұмыс. Көмек қажет ететін отбасылардың тізімін жасау.<br>2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу. | 2023ж Қаңтар | Қамқоршы кеңестің төрайымы Қамқоршылық кеңестің мүшелері |
| 4 | 1.Балалардың жазғы сауықтыруға дайындық туралы: Ойын құралдарын жөндеу және сырлау, учаскелерді көгалдандыру.<br>2.Балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру сапасына бақылау жасаудың нәтижелері | 2023ж Сәуір | Қамқоршы кеңестің төрайымы Қамқоршылық кеңестің мүшелері |
| 5 | 1.2022-2023 оқу жылындағы қамқоршы кеңес жұмысының қорытындыларын шығару.<br>2.Тәрбиеленушілердің жазғы сауықтыру науқанын ұйымдастыру туралы есеп.<br>3.Топтарды жеңіл жөндеу жүргізу есеп. Білім беру мекемесінің жаңа оқу жылына дайындығы туралы (топтарды жөндеу, сырлау, безендіру)<br>4. Қызметкерлердің уақытылы жыл сайынғы еңбек демалысына шығуын қадағалау. | 2023ж Тамыз | Қамқоршы кеңестің төрайымы Қамқоршылық кеңестің төрайымы |

Сканировано с CamScanner

МКҚК «Ер Төстік» балабақшасының
Қамқоршылық кеңес отырысы.

**№1 хаттамасы**

Өткізілетін күні: 05.09.2022ж
Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңестің төрайымы, мүшелері.
Қатыспаған: 3 себепті

Күн тәртібі:

1. МКҚК «Ер Төстік» балабақшасы 2022-2023 оқу жылына қамқоршылық кеңес құру.
2. 2. Қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту.
3. 2022-2023 оқу жылына қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын талқылау

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Н.Е. Балкибекова балабақшада ұйымдастырылып жатқан қамқоршылық кеңес жұмысы мазмұнымен таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтып өтті. Балабақшада құрылған қамқоршылық кеңесінің мүшелерін таныстырып өтті.

Екінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңесінің төрайымы Калимбетова Жансая Сейдахановна сөз алып, мүшелерге ары қарайда жұмыс жасалатыны жөнінде сұрап өтті. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өзара пікірлесе келіп бірлесе жұмыс жасайтындары жөнінде шешім қабылдады.

Үшінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. Меңгеруші Балкибекова Нагима Еркинбаевна қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді (балаларды балабақшаға қабылдау), тамақтануды ұйымдастыру , балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды. 2022 жылдың қыркүйек айынан 2023 жылдың тамыз айы аралығында бес отырысы өткізілсін деп шешті. Келесі отырыста балабақшадағы топтардың жаңа жылдық мерекелерге дайындауға көмек беруді ұйымдастыру және қыс мезгіліндегі жұмысқа дайындықтары туралы қарастыратын болды. 2022-2023 оқу жылына арналған балабақшаның жұмыс жоспарымен, қойылатын мақсат, міндеттерімен танысу мәселелері қаралатын болса, одан кейінгі отырыстарда тамақтануды ұйымдастыруды бақылау, отбасылық тұрмысы нашар толық емес және көп балалы отбасыларға көмек, топтардың жеңіл жөндеу, жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен танысу, жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс-шараларды бірлесе өткізуді жоспарлау, қамқоршылық кеңесінің

Сканировано с CamScanner

атқарған жұмыстары жайлы есеп беру сияқты мәселелер қарастырылатынын айтып өтті.

Қамқоршылық кеңестің хатшысы балабақшаның әдіскері Бейсембаева Райхан Кенжебаевна тағайындалсын.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы мәслелер бойынша жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Қамқоршылық кеңесі мүшелері өзгеріссіз қалсын
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Ж. Калимбетова

Хатшы: Р.Бейсембаева

Мүшелері:

Н.Абдуллаева

И.Бақтыбаева

А.Аманова

Б.Нуртазаев

А.Саргелтаева

П.Құдайбергенов

М.Керимбекова

Сканировано с CamScanner

**МКҚК «Ер Төстік» балабақшасы қамқоршылық кеңес отырысы**

**№2 хаттамасы**

**Өткізілетін күні:** 05.12. 2022ж
**Қатысқандар: 3 себепті**
балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңестің төрайымы, мүшелері.

**Күн тәртібі:**

1. МКҚК «Ер Төстік» балабақшасының топтарын жаңа жылдық мерекелерге дайындауға

көмек беруді ұйымдастыру (топтар мен аумақтарды безендіру).

2. 2022-2023 оқу жылының қыс мезгілдерінде жұмысқа дайындық туралы.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Н.Е. Балкибекова топтарды жаңа жылдық мерекелерге көмек беруді ұйымдастыру (топтар мен аумақтарды безендір) туралы қамқоршылық кеңес мүшелерімен талқылады. Топтар мен аумақтарды безендіруді қамқоршылық кеңес мүшелері өз қолдарына алды.
Екінші мәселе бойынша, 2022-2023 оқу жылының қыс мезгілдерінде жұмысқа дайындық туралы қамқоршылық кеңес төрайымы Ж. Қалимбетова айтып өтті. Қыс мезгіліне балабақша дайындық жұмыстарын, яғни жылу жүргізу үшін барлық жағдай жасалып жылу уақытымен беріліп тексеріліп отыратындығы жөнінде айтып өтті.
Келесі отырыста «Ер Төстік» балабақшасының отбасылық тұрмысы нашар толық емес және көп балалы отбасылармен алдын ала жұмыс. Көмек қажет ететін отбасылардың тізімін жасау. Түскен құжаттары бойынша есеп (демеушілік көмек, қайырымдылық) мәселелері қаралатыны жөнінде айтылып өтті. Қамқоршылық кеңес мүшелері 2022-2023 оқу жылының жоспарына сәйкес жұмыс жасауды жалғастырады.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелері және төрайымы жаңа жылдық мерекеге безендіру жұмыстарын ұйымдастырсын.
2. Қыс мезгіліне дайындық жұмыстары жүргізіліп, қадағалансын.

Сканировано с CamScanner

Қамқоршылық кеңес төрайымы:__________Ж. Калимбетова
Хатшысы: __________ Р.Бейсембаева

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Н.Абдуллаева

И.Бақтыбаева

А.Аманова

Б.Нуртазаев

А.Саргелтаева

П.Құдайбергенов

М.Керимбекова

Сканировано с CamScanner

**МКҚК «Ер Төстік» балабақшасы қамқоршылық кеңес отырысы**

**№3 хаттамасы**

**Өткізілетін күні:** 27.01. 2023ж

**Қатысқандар: 2 себепті**

балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңестің төрайымы, мүшелері.

**Күн тәртібі**:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына өзгерістер енгізу туралы ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 30 желтоқсан 949 қаулысына сәйкес өтінішті қарау.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шара.
3. Алқалы жиынға салу

**Қатысқандар:**

Н.Абдуллаева- Жеке кәсіпкер

И.Бақтыбаева-Халыққа қызмет көрсету орталығының бас маманы.

А.Аманова- ата –ана 1 мектеп мұғалімі

Б.Нуртазаев- Кентау қалалық ішкі істер бөлімінің аймақтық полициясы

А.Саргелтаева- Қалалық емхана мейірбикесі.

П.Құдайбергенов-жеке кәсіпкер

М.Керимбекова- ата-ана зейнеткер.

**Сөз алды:**

1.Балабақша әдіскері балабақшада барлық бала саны 125, орыс тобы 3, қазақ тобы 2. Толық емес отбасы -10, жетім бала -0, мүгедек бала -0, ата-әжесінің қарамағында бала саны -2, ата-анасы жұмыста басқа қалада.

Қамқоршылық кеңесінің комиссия төрайымы: Ж.Калимбетова балабақшада жітім жесір жоқ екендігіне, және балалардың ата-аналар тарапынан ешқандай шағым түспегендігін айтып өтті.

2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шара жоспарымен танысып, «Азаматтар мен кәсіпкерлердің мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің саласы бойынша шағымдары мен ұсыныстарына арналған» сенім жәшігі және Жеке және заңды тұлғалардан арыз,шағым болмағандығын сенім жәшігінің акт құжаттарын қарап шағым түспегендігін анықтады.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Балалардың жазғы сауықтыруға дайындық туралы: Ойын құралдарын жөндеу және сырлау, учаскелерді көгалдандыру бойынша зерделеу.

Сканировано с CamScanner

Қамқоршылық кеңес төрайымы:__________Ж. Калимбетова
Хатшысы: __________ Р.Бейсембаева

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Н.Абдуллаева __________________

И.Бақтыбаева __________________

А.Аманова __________________

Б.Нуртазаев __________________

А.Саргелтаева __________________

П.Құдайбергенов __________________

М.Керимбекова __________________

Сканировано с CamScanner

**МКҚК «Ер Төстік» балабақшасының қамқоршылық кеңесі отырысының №4 хаттамасы**

**Өткізілген күні: 17.04.2023ж**
**Қатысқандар**: меңгеруші, хатшы, қамқоршылық кеңес төрайымы, қамқоршылық кеңес мүшелері.
Күн тәртібі:

1. Балалардың жазғы сауықтыруға дайындығы туралы:
   Ойын құралдарын жөндеу жән сырла, учаскелерді көгалдандыру.
2. Балабақшадағы тамақтандыруды ұйымдастыру сапасына бақылау жасаудың нәтижелері.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Н.Е. Балкибекова балалардың жазғы сауықтыруға дайындық жөнінде жұмыс мазмұнымен таныстырды.
Мақсаты: жазғы сауықтыру кезеңінде Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру үдерісінің мазмұнына қойылатын талаптарды анықтау.
Міндеттері: - балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру үшін әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ету;

- Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру мәселесінде педагогтардың құзыреттілігін арттыру;

Жаз мезгілінде сауықтыру жұмыстарын ұйымдарту және балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту үшін тиімді жағдай құру;

- жаз мезгілінде балалардың демалысын ұйымдастыру үдерісінде ата-аналармен өзара байланысты нығайту.

Күтілетін нәтижелер: балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруды жоспарлаудың алуан түрін құру дағдыларын меңгереді;

- мектепке дейінгі ұйымдарда сауықтыру шараларын ұйымдастырып, өткізудің дағдалыраны ие;
- білім беру салаларын кіріктіру тәсілдерін біледі;
- шынықтыру шараларының түрлі түрлерін енгізе алады;
- ата-аналармен бірге балалардың демалысын ұйымдастыра алады.

Екінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңесінің төрайымы Ж.Калимбетова жаз мезгілінде балалары сауықтыру жүйесіне:
-дұрыс тамақтануды ұйымдастыру (фито шай, жемістер мен жидектер және т.б.) туралы айтып өтті.
Баланың дамуы, өсуі, денсаулығы дұрыс тамақтануға тікелей байланысты.
Теңгерімді,әр түрлі диета ағзаға дәрумендердің, минералдардың және басқа да пайдалы микроэлементтердің жеткілікті мөлшерін алуға мүмкіндік береді.
Балалар мәзірінде жануарлар мен өсімдіктерін алынған өнімдер болу керек.
Өнімдерді дұрыс таңдау, оларды өңдеудің тиісті әдісі баланың денесін барлық

Сканировано с CamScanner

қажеттіліктерімен қамтамасыз етеді, тағамдық қоспаларды қолданудың орындылығын жояды.
Қамқоршылық кеңесінің мүшесі А.П.Саргелтаева балабақшаларда дұрыс тамақтанудың негізі – бұл ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген нормалары туралы айтып өтті. Тамақтандыруды ұйымдастыруға қойылатын талаптар «мектепке дейінгі ұйымдарға санитариялық – эпидемиологиялық талаптар »мемлекеттік құжатында көрсетілген. Әр түрлі жас топтары үшін олардың нормалары әртүрлі. Егер сіздің балаңыз 1 жастан 3 жасқа дейін босла, оған күніне орта есеппен 53 г ақуыз , 53 май және 212 г көмірсулар қажет, ал 3 жастан 6 жасқа дейін – сәйскесінше 68г, 68 г және 272 г.
Балабақшада балалардың тамақтану нормаларын ескеретін маусымдық мәзір жасалады. Бала күніне белгілі бір мөлшерде ет, май, айран, жеміс және т.б. алуы керек.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Балалардың жазғы сауықтыруға дайындығы, ойын құралдары дайындалуына, учаскелерді сырлап көгалдандыру ата-аналармен тәрбиешілер бірігіп жасау.
2. Балабақшадағы тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын бақылау

**Қамқоршылық кеңес төрайымы:______Ж. Калимбетова**
**Хатшысы: ______Р.Бейсембаева**

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Н.Абдуллаева

И.Бақтыбаева

А.Аманова

Б.Нуртазаев

А.Саргелтаева

П.Құдайбергенов

М.Керимбекова

Сканировано с CamScanner

МКҚК «Ер Төстік» балабақшасының
Қамқоршылық кеңес отырысы.

№5 хаттамасы

Өткізілетін күні: 22.08.2023ж
Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңестің төрайымы, мүшелері.
Қатыспаған: 3 себепті

1.2022-2023 оқу жылындағы қамқоршы кеңес жұмысының қорытындыларын шығару.

2.Тәрбиеленушілердің жазғы сауықтыру науқанын ұйымдастыру туралы есеп.

3.Топтарды жеңіл жөндеу жүргізу есеп. Білім беру мекемесінің жаңа оқу жылына дайындығы туралы (топтарды жөндеу, сырлау, безендіру)

4. Қызметкерлердің уақытылы жыл сайынғы еңбек демалысына шығуын қадағалау.

1.Қамқоршылық кеңестің төрайымы Калимбетова Жансая Сейдахановна күн тәртібінде қаралатын мәселелер мен таныстырды. Қатысушылар тіркелді. Тәрбиеленушілерді жазғы сауықтыру кезінде : Ауа ваннасы, фиторепаия, аяқ қол нүктелі массаждар, таза ауада сергіту , серуендер, оқу іс-әрекеттері жүргізілгендігін слайд арқылы көріп танысты.
2. Топтардың жөндеу жұмыстары бойынша балабақша меңгерушісі Балкибекова Нагима Еркинбаевна есеп берді. Барлық 5 топта, ауладағы 5 ойын алаңдарында сырлау, әктеу жұмыстары, және пластмас жылу труларының 3 данасы ауыстырылғандығына есеп берді. Жаңа оқу жылына дайын деп есеп берілді.
3. Қызметкерлердің жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына шығуына тізімді балабақшаның кәсіподақ төрайымы Омарова Танзада Маукенбаевна түзілген бір жылда барлық қызметкерлердің толық еңбек демалысына шығып , төлем ақы уақытылы 3 күн ішінде төленіп, корешок берілгендігі айтылды.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Жаңа 2023-2024 оқу жылына Қамқоршылық кеңестің жоспары түзілсін.
2. Кеңес құрамы анықталсын.

Сканировано с CamScanner

**Қамқоршылық кеңес төрайымы:______ Ж. Калимбетова**
**Хатшысы: ________ Р.Бейсембаева**

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Н.Абдуллаева

И.Бақтыбаева

А.Аманова

Б.Нуртазаев

А.Саргелтаева

П.Құдайбергенов

М.Керимбекова

Сканировано с CamScanner